

Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі және мөлшері туралы Ережені бекіту туралы

Күші жойғал

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 181 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 мамырда N 5-17-129 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 маусымдағы N 203 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан аудандық мәслихатының 30.06.2014 N 203 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Шешімнің және қосымшаның мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтіні бойынша «Ереже», «Ережесі», «Ережеде», «Ережесіне», «Ережесінде» деген сөздер тиісінше «Қағида», «Қағидасы», «Қағидада», «Қағидасына», «Қағидасында» деген сөздермен ауыстырылды - Ұлан аудандық мәслихатының 28.03.2014 № 166 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 15-тармақшасына және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16-сәуірдегі № 94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97-бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» Қаулысының негізінде Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса ұсынылып отырған тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі және мөлшері туралы Қ а ғ и д а с ы б е к і т і л с і н .

2. 2005 жылдың 24 наурыздағы № 75 «Тұрмысы төмен азаматтарға үйді ұстауға және үй-коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру Ережелерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2276 болып 2005 жылдың 14 сәуірде тіркелген, «Ұлан таңы» аудандық газетінің 2005 жылғы 21 мамырдағы № 31 санында жарияланған, тіркеу № 5-17-98, «Ұлан таңы» аудандық газетінің 2009 жылғы 13 ақпандағы № 101 санында жарияланған) шешімнің күші жойылды деп

Т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ж. Бухатов

А у д а н д ы қ

мәслихат хатшысы

Д. Турсунбаев

Ұ л а н а у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 1 0 ж ы л ғ ы

1 5

с ә у і р д е г і

№ 181 шешімімен бекітілген

Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі және мөлшері туралы Қағида

I. Жалпы қағидалар

1. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;

2) отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

3) кондоминиум объектісін басқару органы - кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) уәкілетті орган - жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы

жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

б) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ұлан аудандық мәслихатының 26.03.2012 № 18 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

4) алынып тасталды - Ұлан аудандық мәслихатының 28.03.2014 № 166 шешімімен.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Ұлан аудандық мәслихатының 20.12.2012 № 78 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Ұлан аудандық мәслихатының 28.03.2014 № 166 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Ұлан аудандық мәслихатының 28.03.2014 № 166 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы

бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Ұлан аудандық мәслихатының 28.03.2014 № 166 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеу үшін шекті жол берілетін шығыс үлесі отбасының жиынтық табысының 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

6. Табиғи монополияны және бәсекелестікті қорғауды реттейтін уәкілетті органмен келісілген коммуналдық қызметтердің тарифтері және олардың өзгеруі туралы коммуналдық қызметтерді көрсетуші орган уәкілетті органға хабарлайды.

Тұрғын үй көмегін есептеген кезде қызмет көрсететіндермен ұсынылған жылу шығысы, тұрғын үй көлемінің әлеуметтік нормасы шегінде есептеледі.

Егерде заң бойынша коммуналдық қызметтердің тарифі анықталмаса, тұрғын үй көмегі үй иелерінің жиналысында бекітілген тұрғын үй коммуналдық бөлімімен келісілген тарифтермен тағайындалады.

II. Тұрғын үй көмегін тағайындау шарттары

7. Тұрғын үй көмегін алуға құқығы жоқ отбасылар:

1) жеке меншігінде бірден көп тұрғын үйі (пәтері) бар немесе тұрғын үйін жалға берсе;

2) жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту қызметінде тіркелмеген адамдары бар, оның ішінде есепке алынбайтындары:

55 жасқа толған әйелдер, 60 жасқа толған ер адамдар;

бірінші және екінші топтағы мүгедектерді күтіп отырғандар;

18 жасқа дейін мүгедек баланы күтіп отырғандар;

80 жастан асқан адамдарды күтіп отырғандар;

мүгедектік тобы жоқ туберкулезден, есірткіден және қатерлі ісіктерден емдеу диспансерлерінде тіркеуде болса;

7 жасқа дейін бала күтіп отырған аналар және де кәмелетке толмаған 4 немесе одан көп бала тәрбиелеп отырған аналар.

Отбасы құрамында шұғыл әскер қатарында жүрген әскери қызметкерлер саналмайды.

3) заңды некеде тұрған, отбасының құрамында бар, бірақ жұбайының тұратын мекен жайын білмесе және осы мәселе бойынша құқық қорғау

орғандарға

шағымданбаса;

4) егер ата-аналары ажырасып, өздерімен бірге тұратын балаларына алимент алуға шағымданбаса талаптанбаса.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ұлан аудандық мәслихатының 16.06.2011 № 241 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Жұмыссыздар ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан себепсіз бас тартса және өз еркімен қоғамдық жұмысқа, оқыту мен қайта оқытуға қатыспаса тұрғын үй көмегін алу құқығынан алты айға айырылады.

9. Тұрғын үй көмегіне өтінген кезде коммуналдық қызмет ақысы үшін берешектері бар отбасыларына, қарыздарына қарамастан, ережеге сәйкес, есепке тіркеген сәттен бастап ағымды төлемдерді тұрақты төлеу шартымен тұрғын үй жәрдемақылары тағайындалады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ұлан аудандық мәслихатының 16.06.2011 № 241 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын ауылдық әкімдердің анықтамасы;

4) отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

9) алынып тасталды - Ұлан аудандық мәслихатының 28.03.2014 № 166 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Ұлан аудандық мәслихатының 26.03.2012 № 18 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Ұлан аудандық мәслихатының

20.12.2012 № 78 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 28.03.2014 № 166 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) шешімдерімен.

11. Атқарылған жұмыстар туралы актіге қол қойылғаннан кейін 6 ай көлемінде тұрғын үй көмегін алушы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін жөндеуге шыққан шығындарды қайтарып алуға құқығы сақталады.

12. Тұрғын үй көмегін алушылар тоқсан сайын отбасы табысын анықтайтын құжаттар тоқсан көлемінде коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін төлеген төлем шот түбіртектерін тапсыруы тиіс Тұрғын үй көмегі коммуналдық қызмет көрсету үшін ағымдағы төлемдерді уақытылы төлеген жағдайда тағайындалған айдан бастап жүргізіледі.

13. Уәкілетті органға тапсырған құжаттарды қарау нәтижесі бойынша отбасына шарт-өтініш жасайды, оған отбасының табысы және төлеген коммуналдық төлемдер енгізіледі. Шарт-өтініш отбасының өкілі, немесе отбасы атынан әрекет етуші тұлға және уәкілетті органның қол қоюымен бекітіледі.

14. Тұрғын үй көмек көрсетуінің негізі уәкілетті органның шешімі. Қабылдаған шешімнен кейін уәкілетті орган өтініш берушіге жазбаша түрде х а б а р л а й д ы .

15. Электр қуатымен, газбен, жылумен, сумен жабдықтау, канализация, қоқыстан тазарту және үйді пайдалануға кеткен шығындар өткен тоқсанның төленген түбіртектері негізінде есептеледі.

16. Егерде, үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға заң жүзінде нормалар мен тарифтер белгіленбеген жағдайда, жұмсалған қаражаттың көлемі нақтылы шыққан шығындар бойынша, бекітілген коммуналдық қызметтердің тұтыну нормаларынан аспайтын көлемде қайтарылады. Егер коммуналдық қызметтерді өлшеу құралдары орнатылған жағдайда өткен тоқсандағы шығындарды өлшеу құралдарының көрсеткіштері негізінде, бірақ бекітілген коммуналдық қызметтерді тұтыну нормасынан аспайтын көлемде қ а й т а р ы л а д ы .

17. Күнкөрісі төмен отбасыларының тұрғын үй көмегінің көлемін есептегенде жеке үйлерде тұратын орталықтандырылған жылытуды пайдаланғаны үшін төленетін ақының мөлшерін есептегенде жоғалтылатын жылу мөлшері, тұрғын үй көлімінің элеуметтік нормасы шегінде есептеледі.

18. Егер төлемақылар тарифтер мен норма шегінен аспаған жағдайда, тұрғын-үй көмегін тағайындауға нақты төленген төлем бойынша алынады. Шығындары, есептеу құралдарымен алынған жағдайда шығындау нормасынан аспаса, сол шығындар тұрғын-үй көмегін тағайындауға алынады.

19. Көмек көрсету мақсатына зейнеткерлер, мүгедектер, бірге тұратын жалғыздікті зейнеткерлер, бірге тұратын зейнеткерлер және мүгедектер және жеке тұратын ерлі-зайыптылар зейнеткерлер және мүгедектер отбасы,

сондай-ақ отбасы құрамына кіретін мүгедек-балалар, панасыз жетімдер, камқорындағылар, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары барлардың тұрғын үй көмегін алуға бірінші ретте құқылы және тұрғын үй көмегін есептегенде табыстарының көлемі екі айлық көрсеткішке реттеледі (есептеледі), Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген уақыт м е з г і л і н д е .

20. Тұрғын үй көмегіне үміткер отбасыларына тұрғын үй көмегін тағайындаған кезде мына шектеулер есепке алынады:

1) үміткер заңды некеде болса, бірақ зайыбы сол мекенжай бойынша тіркелмеген болса, ерлі-зайыптылардың екеуінің де табыстары есептеледі және жәрдемақы өтінгеннің мекенжайы бойынша тағайындалады. Бұл мекенжай бойынша тіркелмеген зайыбы немесе жұбайы өзінің тұрғылықты жерінен жәрдемақы алмайтынын дәлелдеу қажет;

2) үміткер заңды некеде болса, бірақ зайыбының қазіргі тұрғылықты жерін білмесе (көрсетпесе) және құқық қорғау органдарына бұл туралы мәлімдемесе, жәрдемақы тағайындалмайды;

3) үміткердің үйіне 18 жасқа дейінгі бала тіркелген жағдайда, ол баланың ата-анасының табысы айқындалады;

4) үміткер оқу орнының күндізгі бөлімінде оқып, жалғыз тұратын жағдайда.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ұлан аудандық мәслихатының 16.06.2011 № 241 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

21. Тұрғын үй көмегі қажетті құжатты толығымен тапсырған айдан бастап тағайындалады.

22. Тұрғын үй көмегін тағайындағанда кісі басына орта табыс көлемі ең төменгі екі айлық еңбек ақыдан аспауы керек.

23. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күн ішінде тұрғын үй қызметіне өз тұрғын үйінің меншік формаларының, отбасы құрамының және оның жиынтық табыстарының, статусының өзгеруі туралы хабарлауы керек.

24. Тұрғын үй қызметіне алдын ала жалған мәліметтер берген үшін үйдің иесі (немесе жалдаушы) заңсыз алған алған қаражатты өз еркімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда – Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес тәртіпте.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ұлан аудандық мәслихатының 16.06.2011 № 241 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

25. Зейнетақы, еңбек табысы, жәрдемақы, алимент – құжатпен дәлелденетін табысқа жатады.

26. Жеке кәсіпкерліктен түскен табыс салық комитетінің берген құжаттарымен есептеледі, мүлік, жер үлесінен түскен табыс өтініш берушінің

27. Алынып тасталды - Ұлан аудандық мәслихатының 16.06.2011 № 241 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

III. Коммуналдық қызметтер және үйді ұстауға нормативтері

28. Тұрғын үй көмегінің мөлшері жалгердің меншік үй иесінің (жалға алушының) өтемдік шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде үйді ұстауға және коммуналдық қызметке ақы төлеу мен отбасына осы мақсаттарға шекті жол берілетін шығын деңгейінің айырмасы ретінде есептеледі.

Тұрғын үй көмегінің мөлшерін белгілеу формуласы:

$$П = МСПЖ - (t, x, д),$$

П - тұрғын үй көмегінің мөлшері,

МСПЖ - тұрғын үйге ең жоғары әлеуметтік төлем,

t - тұрғын үй төлеміне нормативтік шығын (= 10 %),

д - отбасының жиынтық табыстары.

Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде келесідей коммуналдық қызметтерді тұтыну шындары мен нормативтері қолданылады:

1) тұрғын үй алаңының нормасы:

жалғыз басты тұрып жатқан азаматтарға - 35 ш.м;

2 адамнан тұратын отбасына - 45 ш.м;

3 адамнан тұратын отбасына - 50 ш.м;

4 және одан артық тұратын отбасына - әрбір адамға 18 ш.м., бірақ 90 ш.м. көп емес ;

2) газды шығындау нормасы - 7,6 кг.;

3) электр қуатының тұтыну нормасы:

1 адамға - 90 кВт;

2 адамға (әрқайсысына)- 85 кВт;

3 және одан артық адамға (әрқайсысына)- 75 кВт;

тамақ дайындау үшін электр плиталарын қолданатындар үшін электр қуатының тұтыну нормасы; газды шығындау нормасына барабар болып саналады .

Тұтыну нормативтері және оларды сумен жабдықтау, жылумен қамтамасыз ету, қоқысты жою, тұрғын үйді ұстауға шығындар тарифтері қызмет берушілермен ұсынылады.

IV. Тұрғын үй жәрдемақыларына үміткер азаматтардың (отбасыларының) жиынтық табысын есептеу

29. Жиынтық табыстарының есептелуі отбасының табысын белгілеуге тұрғын үй жәрдемін тағайындайтын уәкілетті органымен жүргізіледі.

30. Отбасының жиынтық табыстарын есептегенде табыстардың барлық түрлері өтініш берген кездегі барлық үй мүшелерінің, тұрғын үй көмегіне өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда нақтылы алынған табыстары есепке алынады. Төменде келтірілген табыстар есепке алынбайды, олар:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) балалы отбасыларына берілетін жәрдемақы;
- 3) тұрғын-үй жәрдемақысы;
- 4) қайтыс болғандарды жерлеуге бір жолғы төлемақы;
- 5) бала туғандағы бір жолғы мемлекеттік төлемақы;
- 6) ақшалай және табиғи түрде алған қайырымдылық көмек;
- 7) жеке қосалқы шаруашылығын дамытуға және өз ісін алуға материалдық көмек;

8) төтенше жағдайда болған денсаулығына және мүлігіне зиянды өтеуге отбасына төленген көмек;

9) отбасы құрамындағы біреуінің бірге тұрмайтын отбасы мүшесіне төлейтін алименті;

10) тегін немесе жеңілдікпен жасанды мүшесін салуға барған жолының және жасанды мүшесін жасаған уақытындағы ұстауына төленген ақы;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша көрсетілген барлық түрлі табиғи көмектер:

дәрі – дәрілік;
шипа жайда емделу;

жасанды мүшелерді жасау, жөндеу;
мүгедектерге бөлінген жылжымалы құралдар (арбашалар) және басқадай оңалтуға берілген құралдар;

«Білім туралы» заңына сәйкес, білім беру орындарында тегін тамақтану және көрсетілетін көмекте;

12) заңмен белгіленген халықтың көші-қон сұрақтарына байланысты, оралмандардың тұрақты мекен жайына баратын жолына және мүлігін жеткізуге, қоныстанған жерінен үй сатып алуға және бір жолғы төленетін жәрдемақылар.

13) алған шағын кредиттердің сомасы.

14) жергілікті атқарушы органдардың 10 есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын біржолғы материалдық көмек.

31. Жоғарғы және орта арнаулы білім беретін оқу орындарында күндізгі түрде оқитын отбасы құрамында студенттері бар жанұялардың тұтас табысының мөлшері оқуға төленетін айлық ақыдан кем болмауы керек.

32. Тұтас табысқа алимент саналмайды, егерде, төлеуші:

жұмыс істемейді және алимент төлеуден қарызы бар, немесе мекенжайы
б е л г і с і з ;

бас бостандығынан айыру орындарында болса, немесе уақытша ұстау
и з о л я т о р ы н д а б о л с а ;

туберкулез, жүйке ауру диспансерлерінде есепте тұрса немесе ем-дом
кабылдаса (стационарда), емдеу-еңбек профилакториясында болса;

Қазақстан Республикасымен сәйкес келісімі жоқ мемлекеттерге тұрақты
о р ы н ғ а к ө ш і п к е т с е ;

жұмыспен қамту уәкілетті органда жұмыссыздыққа тіркелмесе, жұмыс
і с т е м е с е .

**Ескерту. 32-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ұлан аудандық мәслихатының
16.06.2011 № 241 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа
енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

33. Әділет органдарымен заңды түрде тұрақты мекен жайында тіркелген
тұлғалар отбасы құрамына қосылуы керек.

34. Бір тоқсаннан көп мерзімге төленетін бір жолғы төлемді алғанда,
жиынтық табыста барлық табыс жиынын табыс алған айлар санына бөлуден
алынып және 3 айға көбейтілген табыстың жиыны есепке алынады. Егер отбасы
мүшелерінің біреуі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе,
отбасының жиынтық табысында, оның осы тоқсанда жұмыс істеген уақыттың
та б ы с ы е с е п к е а л ы н а д ы .

35. Ауылдық жердің тұрғындары үшін ірі қара мал басынан бір бас
болғандағы жеке қосалқы шаруашылықтан табыс (саяжай учаскелерден,
бау-бақшалардан түсетін табыстарды қоспағанда) тоқсанына бес есептік
көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады, ірі қара мал басынан екі және одан көп
бас болғанда он есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады.

36. Қалалық үлгідегі кенттердің тұрғындары үшін ірі қара мал басынан бір
бас болғандағы жеке қосалқы шаруашылықтан табыс (саяжай учаскелерден,
бау-бақшалардан түсетін табыстарды қоспағанда саяжай учаскелерден,
бау-бақшалардан түсетін табыстарды қоспағанда) тоқсанына екі есептік
көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады, ірі қара мал басынан екі және одан көп
бас болғанда төрт есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады.

37. Жиынтық табысты есептегенде өнімді жасқа толмаған үй малы есепке
алынбайды.

**V. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында тұратын
тұрмысы төмен отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй
жәрдемақыларын ұсыну тәртібі**

38. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында тұратын аз қамтылған отбасыларына тұрғын үй жәрдемақысы жылына 1 рет беріледі.

39. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында тұратын тұрмысы төмен отбасыларына тұрғын үй жәрдемақысы үй иесіне, жалдаушылар тұрғын үйді жалдау келісім-шарт нотариалды түрде расталған жағдайда беріледі.

40. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында тұратын отбасыларына тұрғын үй көмегін есептеу үшін көмірдің әлеуметтік шығын жалпы ауданның 1 шаршы метріне 129,8 кг, бірақ бір үйге 5000 кг аспауы керек.

41. Бір тонна көмірдің құнын есептеу үшін нақты сатып алған көмірге төленген ақысын қолдану қажет, бірақ ШҚО бойынша ақпарат және статистика Департаментінің тоқсанының соңғы айына (өткен тоқсанның тұрғын үй көмегінің есебі) белгіленген мөлшерінен аспау керек (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан айлары).

42. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында қолданылатын басқа жанармай түрлерінің құны мен шығын нормасын, тұрғын үй көмегін есептегенде көмірдің құны мен шығын нормасына эквивалентті деп есептеу керек.

43. Көмірді сатып алу мезгіліне байланысты көмірдің тұрғын үйге барлық әлеуметтік шығын нормасын (көмірдің құнын) өтініш жасаған тоқсанына қарай әлеуметтік көмек есептегенде үш айға алынады.

44. Тұрғын үй көмегін есептегенде жеке меншік үй құрылысында тұратын отбасының табысын өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы көлемін есептеу қажет.

45. Тұрғын үй көмегін есептегенде отбасы көмірдің қанша тонна, қандай бағамен алғаны туралы анықтама ұсынады (ол болмаған жағдайда жергілікті ауылдық(кенттік) әкімшіліктен, әкім қолымен расталған соңғы тұрғын үй көмегін алғаннан кейінгі бір жыл мерзіміндегі сатып алынған көмірдің мөлшері мен бағасы туралы акт беріледі).

46. Электр қуаты, газ, су, қоқыс жою, тұрғын үйді ұстау шығындарын өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы түбіртектерінің орташа есебін алу қажет.

VI. Тұрғын үй көмегінің қаржыландыру мен төлеу

47. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаттары есебінен көрсетіледі. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем ретінде тағайындалады.

48. Тұрғын үй көмегінің төлемі осы мақсаттарға жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттар есебінен азаматтардың салымы бойынша шоттарына аударылуы жолымен екінші деңгейдегі банкілер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК